Қожа-Назар
АҚБУРКІТ

Жалықта, көңіл-шағала!



Қожа-Назар АҚБҮРКІТ

ҚАЛЫҚТА КӨҢІЛ – ШАҒАЛА

Өлеңдер

ҚазНұр
Алматы
2013

ББК 85 Қаз 7-4
Р49

Қ. АҚБҮРКІТ. ҚАЛЫҚТА КӨҢІЛ-ШАҒАЛА. – Алматы: ҚазНұр, 2013. – 100 бет.

ISBN 9985-9985-0-5

Қаламгердің жаңа кітабына ел мен жер, адам мен табиғат тағдыры өзек болған. Шыншыл да, сыршыл өлеңдері қызғылықты оқылады.

Кітап жыр сүйер қауымға арналады.

ББК 85 Қаз 7-4

ISBN 9985-9985-0-5

© Ақбүркіт Қ. 2013

ҰЛЫМА ХАТ

Жаным балам, сенің жарық жолдарың,
Ниеттенсең біз соныңды қолдадық.
Өмірің күрес еңбек үшін жаралған,
Батыл таңда қалмассың шаң қауып.

Басшы, болсаң шыншыл әрі әділ бол,
Дәстүріңе өз дініңе жақын бол.
Адастырмас, ғұмырлы содан да,
Нақылынан ақылыңа ақыл қос.

Дағдыландық сапарыңа шығарып,
Мәз боламыз хатың келсе қуанып.
Көңілің тоқ, жүрсе ашық қабағың,
Соның өзі бізге болған жұбаныш.

Қарайлама, қадамыңды алға бас!
Таза жүр жамандығы жамалмас.
Шындық қана нағыз дос тірегің,
Ешкім мін іздегенде таба алмас!

Өнерді ал, өнер сенің жолдасың,
Жаратушы талабыңды қолдасын.
Әкең, шешең тілеуіңді тілейтін,
Ошағынан сен жырақта болғасын.

16. 01. 2004жыл.

ХАФИЗҒА

Шығыстан жұлдызы жарқыраған,
Өлең өріп қалдырды қанша ақын.
Ішіп жүріп өмірдің бал шарабын,
Сенен биік барды ма Хафиз ақын!

Гөзелдері тербелген гүлден нәзік,
Сөз өрілген лық толы хикаятқа.
Шарабынан ішеміз мастық жеңіп,
Жүрміз батып күнәнің азабына.

Жырындағы хас сұлу көркі қандай,
Өзекті өртеп жүректі шарпығандай.
Шәрбәт сөзде бейнесі түске енген,
Сүйістірген тілінен бал тұнғандай!

Сағат санап дамыған бұл әлемнің,
Сұлулығын бүлдіріп қиратқанда.
Тәнін сатқан қылыққа тоқтау болар,
Арулардан сондағы жұрнақ барма ?

19. 01. 2004жыл.

ҰЛАНЫМЫЗ

Ұланымыз табиғатыңды танып ал,
Бұл ғасырда туғаныныңбағы бар.
Көшпенді бітімің мен болмысың,
Жігеріңді сол нәріңе малып қал.

Бабаң тіккен боз даладан ақ үйі,
Шаңырағынан қазақ өзін таниды.
Қиып, құрап өрнектеген аптаған,
Дүние әлемін кестесіне шаниды.

Сахарасын тұлпар тұяқ тебінді,
Көк бөріден емшек сүтін емізді.
Көк аспанын медеу тұтқан аясын,
Биік таулар берген асты теңізі.

Талай жылдар тегін таза ұстады,
Тазы ертіп, ат баптап құс салды.
Қилы заман өткен дағы басынан,
Ұландарын ұлт нәрімен мықтады.

Ұланымыз шын тегіңді танып қал,
Әр үйдегі сирексіген кәрің бар.
Көне көзден естігенің бір пара,
Салтыңнан қымбатыңды алып қал!

3. 02. 2004жыл.

ИМАН

«Мөңкіп, тулар қара Жер!-
Пейілін адамы тыймаса.
Аспаннан құлап тас түсер,
Ақылға айылын жимаса...»

Алланы сүйіп шақталса,
Мейірін ұғып баптaлса.
Құлы екенін мойындап,
Орынсыз асып таспаса.
Өзгеге кінә тақпаса,
Өзіне күнә артпаса.
Өзіме қажеті осы ,-деп,
Иманын бойына сақтаса!
Өтетін түнек түн тыныш,
Сәулесін шашып күн күліп.
Раундап атып таңдары,
Сайрайтын құс бұлбұлы.
Пендесі сүйген пендесін,
Жоқтайтын тұрып бір- бірін!

4. 02. 2004 жыл.

ӘЛЕМ ТАНЫСЫН

Туды уақыт жаңа ой азаматы,
Тек жігерсіз басқаға бас ұрады.
Далам күлді тауы тербетілді,
Орман жайып иісті жапырағын.

Қалауыңды өзің танып алып,
Жолына жаңаша ізді салғын.
Бабамыздан қалды мұралары,
Ертеңіңе сенде сауыт қалдыр.

Тағдырға тілдің туын тіккін,
Білмесе ес жиғыз айыптама.
Мәртебесін көтер елдіктің,
Әлемге таныт шабыттана!

5. 02. 2004 жыл.

ЫЛАЖСЫЗ

Кінәласып келемін мына күнге,
Қоймады жұрт үйір ылаң суға.
Пәтуа айтсаң шіреп мырзасиды,
Атамыздан мұраға қалған аспа?

Қылығына кісінің қайтпек керек,
Келтірсем жететіні сонша дерек.
Кемсітеді иманға бет бұрғанды,
Мұқатып мысқылмен келемеждеп.

Ішіп әлек зиялысы, қалаулыда,
Тәрбиені кім айтар сонда мыңға.
Дәріс бітсе арағына бас қояды,
Мұғалімдер кешкісін әр ауылда.

Ішіп жүрген еркегі, аяулыда,
Асығатын жас кәрі бас қосуға.
Той өткізу арақтан бұлақ ағу,
Бәсекеде пұл шашу әдеп мұнда.

Ылажысыз ортада менде ішем,
Заманым ба әлсіздік амалымба,
Уақыты өткен мінездер өзгереді,
Бейкүнәсіз, амалсыз қамалуда!?

6. 02. 2004 жыл.

КЕЙУАНА

Қанаты талып
Сағы сынып қалғандай,
Көргендері көз ұшында,

Айналған бәрі арманға.
Өткені оның жалғанда,
Мұнартқан сағым секілді.
Ыза кек кернеп кейуана,
Кеудесін әзер көтерді.

Тарамыс қолдар,
Таяныш болудан жалыққан.
Жүрек әлсіз ілбіп соғады,
Ақыл кені таяз,
Ойлаумен оны тауысқан.
Қалған күндері береді нені,
Уайымдап көңіл қамыққан.
Жаратқан, Ие!
Несіне берді?
Кәріліктей кеселді.
Өтпейді уақыт,
Өтуден олда тарыққан.
Беймаза кәрінің тірлігі,
Бәрі сенен
Жалтарып бетін жалыққан!

11. 02. 2004 жыл.

ЕЛЕСІМДЕЙ КӨРІНСЕҢ

Сен менің елесімсің елесімсің,
Есіме күндіз түнде енетінсің.
Көздің қарашығы тұрған тұнып,
Әлемнің құбылысын көретінсің.

Сен менің елесімсің елесімсің,
Сыбдырды жаңа сезіп білетінсің.
Нәзік, пәк жолына құрбан болып,
Көктемнің самалымен келетінсің.

Күйімді тереңінен тербелтетін,
Сен қонсаң кеудеме ел көшетін.
Шабыт қанаттана көкке ұшып,
Сезім сыр тамшысын селдететін.

Тұрсада жамандықтар күйіндіріп,
Жан ашып қауқарсыз күйін біліп,
Сабырым сарайыма бойлап еніп,
Жеткізген жыр еліне іліндіріп.

Бір саған бұл ғұмырым арналғаны,
Үлгірсем жаза-жаза ойға алғанды.
Қажетіне жаратқан сөзім қалса,
Тәрк етем көз жұма сен жалғанды!
Ғұмырым бір өзіңе арналғанда.

13. 02. 2004 жыл.

ТӨЛ

Қия бетте ақ шібіш мамырлады,
Жаңғырды тас,ышқына маңыраса.
Түскен төлі.. жерде қалтылдады,
Басты қадам емшегі табылмаса.

Тәнтірегі құлады қайта тұрды,
Қызыл тілін ақ лақ сорғыласа,
Уыз берді төліне шөлін басты,
Бойдан иіп үрпінен тамшылата.

Кезек қаққан құйрық еркеледі,
Айналсоқтап енесі әуреленді.
Бесін өтіп қадамы ширақсыды,
Ойнақтаған ертеңі жеткізбеді.

22. 03. 2004 жыл.

КҮНДІЗ

Шынашақтап жаттым көкке қарап,
Аспан көк айналамды сәуле талап.
Жылжиды төбемдегі ақша бұлттар,
Мен аңсаған арман ойды арқалап.

Шығысында ай бейне жарты жолақ,
Ақ бетінен көрінген қап қара дақ.
Жер тұрағы дөңгелек доп секілді,
Көк жүзінде қалқиды күнді жанап.

Науырыздың аптабы самалы көп,
Бұлттары күн көзін шалады кеп.
Кеудесі тіршіліктің жылу кірмей,
Жабулап орамаған даласын көк.

Кешігіп мезгілінен жыл келмесе,
Аспанынан жеріне дым бермесе,
Құрғақ бораны күн түні уілдесе,
Шаруадан шешілмес бел белбеуі.

30. 03. 2004 жыл.

* * *

«...Өткеннің тұрар уақыт хакімі боп.
Енбексіз тапқан астың татымы жоқ.
Елінің мұңын мұңдап жыр жазса,
Өлеңнің одан артық жақыны жоқ».

ӨМІРДІ СҮЙ

Сен – Оны,
өзіңді емес, өмірді сүй!
Махаббаттың негізі сол болады.
Барла әлемді
көз аяңды аш, ойыңды түй,
Сонда ғана,
Мына өмірде мән болады!

Жұптаспай жатып,
Тіл табыспағаны.
Жұптасып алып,
Үй леспегені қанша?
Үй болып алып,
Күйрегені.
Сүйгені болып алып,
Күйлегені қанша?
Уақыттың бұл да
Амалы ма тәйірі.
Пұлданып Әйел,
Түрленді Еркек.
Көз жасы Сәбидің,
Кімге керек?

Сен Оны,
өзіңді емес, өмірді сүй!
Бұл жалғанның негізі сол болады.
Барла әлемді, көз аяңды аш, ойыңды түй,
Сонда ғана,
Махаббатта мән болады!

1. 04. 2004 жыл.

Су сыры

Көктемінде қырқасы қара тартты,
Күн нұрлы шомыла терлеп тамшы.
Сай сала еңіс қуды босқан бұлақ,
Кең өзенге құйылды селдеп ақты.

Бұлақтары бас қосқан бір өзенге,
Шұрылдары айналған гу гүрілге.
Таза бұлақ жартас жыпқылынан,
Желіп түсті сыңғыр қосты әуенге.

Тіл бар оны байыпты тыңдағанға,
Жалтыраған кеудесі су бағанда.
Шын құмартып сімір бойға сіңді,
Кәусеріңді қандырды қиналғанда.

Жағасына барғандар қызық қуып,
Суда тұнық бейнесі қызықтырып.
Шалықтады ғашықтар отырғанда,
Сүю жайлы білдірген су ұқтырып.

Су көркі маржаннан мөлдір деді,
Мөлдірлігін тұңғиық көз біледі.
Жақұт, ақық, гәуһар тастарды да,
Айналдырған асылға судың өзі.

Суды сүзсе қойнынан жер анамыз,
Таң бозынан суымен бет шаямыз.
Лайладық, бүлдірдік тұнықтықты,
Мөлдірлікті қашан еске аламыз?

2. 04. 2004 жыл.

УАҚЫТҚА БІРГЕ БОЙЛАП

Уақытқа бірге бойлап,
Құлпыра гүлдей жайнап,
Көшемен жалаң аяқ,
Жүргендер асық ойнап.

Сүрлеуді сабылдырып,
Шыбықты ат қып міні́п,
Жарыса көкпар тартқан,
Бұрқырақ шаң ұшырып.

Қыздармен қол ұстасып,
Бозтаңға ән салдырған.
Ғашықтар сөз табысып,
Жұптарың жазылмаған.

Көлеңке көктемдерің,
Кетпеді мүлдем естен.
Ұзатып қалған бізден,
Алыстап бір белестен.

Ән кітап қол таңбасын,
Ескертіп қалдырғанды.
Ақтардым кітапшасын,
Дауыстап бір үн салды!

3. 04. 2004 жыл.

ЕЙ МАХАББАТ!

Сен менің тәнімдесің,
Жалыны суымаған жігерімде,
Жүректі
Табыстырдың дәнекері,
Әп әдемі
Сүйкімдім әнімдесің.

Кестеленген орамал шетіндесің,
Хат боп түскен
Ақ қағаз бетіндесің.
Ұсынылған
Гүлдермен қолға енген,
Алақанның ып- ыстық бетіндесің.

Шоқ болып
Қарағаны қарып түскен,
Қарашықтың тұңғиық мөлдірісің.
Бойын
Билеп алатын табындырып,
Есе бермес ешкімге сезімдесің!

Сен махаббат-
Жандардың бәріндесің,
Еріндердің тәп тәтті дәміндесің.
Шолпысы бикенің сыңғырлаған,
Бой түзеген
Жастықтың сәніндесің.

Жүрегімде махаббат жалындаған,
Туған жерде,
Еліме дамылдаған!
Ақ сүтіне анамның ықыласынан,

Махаббаты,
Бойыма дарындаған!
Сүйем!
Көркем- нәрсемнен жаңылмаған!

5. 04. 2004 жыл.

ТАМШЫЛА...

Бұлт төнді үйіріліп,
Жауынды төмен төксе.
Қойыны жердің иініп,
Көгерді шөптер өссе.

Төрт түлігі жетіліп,
Құрсағынан тойынса.
Марқайа жан семіріп,
Көкке табынып жатса!

Тамшы сірке тамшыла!
Кепті далам қамшыла.
Бұрқырап жусан иісі,
Өлең қостым тамшыға.

* * *

«Ақын жүр әрнеге құмарланып,
Өлең қуса жігері тұрар жанып.
Жетісудың менде перзентімін,
Тауларына ілінер тұмарланып!»

11. 04. 2004 жыл.

КЕЙДЕ

Біз адамдар кейде ғажаппыз,
Біреуіне мінгесетін тозақпыз.
Миығынан күлетін біреулерге,
Ескермеген өз мінін жөнақпыз.
Өсетін біреуді күндейтін де,
Іс келмеген қолынан олақпыз.
Нашарының көбі арамыздан,
Жол бастаған тазасы азақпыз.
Білмеседе төндіре сөз көсеген,
Сорға біткен жалаң жантақпыз.

12. 04. 2004 жыл.

ӨРТ

Іле бойы өртеніп жатты

Қайран түбек!
Өртеніп жатыр,
Жалында, Іле атырап.
Ғасырлап жиған,
Торанғы, Жиде, Жыңғылы.
Сексеуілі өсіп,
Желісін тартқан татыран.
Шырғанағы иіп,
Бүлдірген пісіп сасыған.
Қырғауыл ұшып,
Қаз үйрек басқан балапан,
Елік пен борсық,
Көлінде құндыз лықыған.
Балықшы құстар,
Балығын сүзіп бетінен,
Қонақтап бәрі,
Аттанатын-ды осыдан
Жылдардан сонау ерекше өңір
жаралған,
Аш құрсақ жортқаны пана таба алған.
Ұмытып тегін, түскендей көктен осыған,
Өрт қойған баласы қандай
адамның
Өрт шалған алауы шарпып аспанды,
Қызыл жиек ымырт үйіріле батқанда.
Ораған жалын қамысты қияқ, қоғаны,
Үдетіп отты батыстан соққан бораны.

Тұңғиық көлдің ысынған суы бетінің,
Түбіне шөккен балықтың үйір қоғамы.
Бейшара аңы бетімен босып сауғалап,
Өртенгені үлгермей артта қалғаны.
Ұйытылған балапандары шырылдап,
Әуелеп ұшқан қанат кеудесі аманы.
Бәріне келді өмір өлім азабы,
Жыбырлап жортқан, ұшқанның,
Адамнан болды жанын алар тажалы.
Батпақта күйген бақаның үні
құрқұррлап,
Табында өліп құмырсқа маса шыбындар.
Бөлтірік, тышқан,майына жанса
жалындап,
Кесертке жылан інінде болған құырдақ.
Құрт, қоңызы қимылсыз қалып
жыбырлап..

Жиналған адам орманшы әскер әбігер,
Өрт қойып қарсы өртпен өртті қамады.
Бір таңға алысып, әлсіреп әзер демілдеп,
Табылып амалы басылды жалын самалы

Ентігін басып, өкпесі өшіп қалғанда,
Көзінде жас ашынып артқа қарады.
Көгеріп тұрған жайқалған ну атырап,
Лезде болған мүңсіген күйік аралы.

Тілсіз жау, дейді өртті,
Бабамыз тегін айтпаған.
Жақсысы естіп кеткені,
Көкейге құйып сақтаған.

16. 04. 2004 жыл.

ЖЕЛ МЕНІҢ СЫРЛАСЫМ

Суық неткен құба жел,
Шығысын есе соғатын.
Тыншығын бұраң бел,
Соқпа бетке тұра тұр.

«Періден ізі табайын,
Сезімге сыр жазайын,
Ууілде соқ соқ қане,
Сазына сал сарайын!

Өзен бойы қайың тал,
Аралап мөлдір су аққан.
Тамшысы тас ұрғылап,
Бу бүрікті мұнартқан.

Шұғылаға шағылып,
Сулы сәуле әрленген.
Самалына шарпысып
Түрлі түсті рәң енген.

Күні көрсет көмейін,
Сағына сіңіп енейін.
Сыңғыр алып суаттан,
Әуені әнге бөлейін!»

Мені сипап құба жел,
Кезедің ерін бетімді.
Еселе соқ соға бер,
Соғысыңнан не тынды..

Бозарды көк көгерген,
Бермей ырық сен мықты.
Шөлден дала кеберген,
Сүрлеуінен шаң ұшты.
Сенсің бала жауынгер,
Кезген сайын, даласын.
Жерге аздап шола бер,
Кеудесін көк жамасын!

16. 04. 2004 жыл.

САҒЫНЫШ САЗЫ ӘДЕМІ!

(әні бар)

Құралай желі өпкенде,
Құстары ұшса көктемде,
Сағыныш сазы әдемі,
Қанатын сермеп өткенде!

Тауларға биік мұң артып,
Иіліп белдер тұратын.
Шалғыны майда бөктерді,
Желпіген самал жұбатып.

Өмірден өткен соқпағы,
Қалдырған ізі тақпағы.
Толқыған әнін сеземін,
Сызылтып әлем бақтары.

Өмірден әркім дәмелі,
Қолына түспес дегені.
Жолында сынақ сүрінбей,
Келгені қандай әдемі!

Арынды алға самғаған,
Алғанға тағат қылмаған.
Жігері қызып жанбаса,
Басына бақыт қонбаған.

Бетіңнен өбсе желемік,
Көктемде ескен әдемі!
Сазына салса желпініп,
Тізбегі құстың әдемі!